**Жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 88 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 шілдеде № 15321 болып тіркелді.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Персоналды басқару қызметі заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электрондық түрде ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жолдануды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің жауапты хатшысы М.А. Әзілхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі* | *Н. Ермекбаев* |

Қазақстан Республикасының
Дін істері және азаматтық қоғам

министрлігінің
2017 жылғы 6 маусымдағы
№ 88 бұйрығымен бекітілген

**Жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 28.06.2022 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № | Міндеттің, оның ішінде функциялардың, өкілеттіктердің, міндеттердің атауы | Жүзеге асырылатын міндет шеңберінде жинау және өңдеу мақсаттары | Белгілі бір мақсатқа арналған дербес деректердің атауы | Меншік иесі және (немесе) оператор жүзеге асыратын міндеттерге тікелей нұсқаулары бар құжаттарды немесе нормативтік құқықтық актілерді көрсету |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | |
| 2 | | | Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) | |
| 3 | | | Тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру туралы мәліметтер | |
| 4 | | | Туу туралы мәліметтер: туған күні, туған жері | |
| 5 | | | Ұлты | |
| 6 | | | Жынысы | |
| 7 | | | Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері:<br>құжаттың атауы;<br>нөмірі;<br>берілген күні;<br>қолданылу мерзімі;<br>құжатты берген орган | |
| | | | Азаматтығы туралы деректер:<br>азаматтығы (бұрынғы азаматтығы);<br>Қазақстан Республикасының | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | | | азаматтығын алған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығын алу негіздері; Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан күні; Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту негіздері; Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру күні; Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру негіздері | | |
| 9 | | | Тұрғылықты мекенжайы | | |
| 10 | | | Байланыс деректері (жұмыс, үй, ұялы телефон нөмірлері) | | |
| 11 | | | Электрондық пошта мекенжайы | | |
| 12 | | | Портреттік бейнесі (цифрланған фотосуреті) | | |
| 13 | | | Қолы (оның ішінде электрондық-цифрлық қолтаңбасы (бар болса) | | |
| | | | Білімі, біліктілігі туралы және арнайы білімінің немесе арнайы даярлығының болуы туралы мәліметтер: оқу орнына түскен күні (оқу орнынан шығарылған күні); білім беру мекемесін бітіргені туралы дипломның, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14 | мемлекеттік органның кадр құрамын қалыптастыру және конкурстық іріктеуді ұйымдастыру; мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті өткеруіне байланысты құжаттарды ресімдеу;, конкурстық, тәртіптік және кадр мәселелері жөніндегі өзге де комиссиялардың қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету: мемлекеттік қызметке кіру, мемлекеттік қызметті өткеру және тоқтату | | куәліктің, аттестаттың немесе басқа құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні;<br>білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері;<br>факультет немесе бөлімше, білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі мен мамандығы;<br>ғылыми дәрежесі;<br>ғылыми, атағы;<br>шет тілдерін білуі | Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, "Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 125 қаулысы, "Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығы, "Сынақ мерзімінен өтудің қағидалары мен шарттарын және тәлімгерлерді бекітудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы | |
| 15 | | | Арнайы тексеру нәтижелері | | |
| 16 | | | Соттылықтың болуы (болмауы) туралы мәліметтер | | |
| 17 | | | Мемлекеттік қызметшінің ант қабылдаған күні | | |
| 18 | | | Жеке табыс салығы және мүлік бойынша декларацияны тапсырғаны туралы мәліметтер | | |
| 19 | | | Еңбек кітапшасының мәліметтері:<br>нөмірі;<br>серия;<br>берілген күні | | |
| 20 | | | Еңбек қызметі туралы мәліметтер (ағымдағы уақытқа арналған еңбек қызметі туралы деректер):<br>лауазымды, құрылымдық бөлімшені, ұйымды толық көрсету, оның атауы;<br>жалпы және үздіксіз жұмыс өтілі; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | рәсімдерін сақтаудықамтамасыз ету, мемлекеттік органда кәсіби бейімделу мен тәлімгерлікті ұйымдастыру; мемлекеттік орган кадрларының кәсіби дамуын, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді тағылымдамалардан өткізуді, даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз ету; қызметтік тергеп-тексеру, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне, , оның ішінде мемлекеттік қызмет персоналы бойынша бірыңғай автоматтандырылған дерекқорда ( ақпараттық жүйеде) бағалау жүргізуді ұйымдастыру; мемлекеттік органда еңбек заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз ету; мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын | мемлекеттік органның персоналын басқарудың тұтас жүйесін қалыптастыру, мемлекеттік органның персоналын басқарудың тұтас жүйесі шеңберінде мемлекеттік қызмет өткеруді қамтамасыз ету | бұрын атқарған лауазымдарының толық атауы және осы ұйымдардағы жұмыс уақыты көрсетілген басқа ұйымдардың мекенжайлары мен телефондары, сондай-ақ деректемелері | № 21 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14448 болып тіркелген), " Әкімшілік мемлекеттік қызметтің кадрлық іс қағаздарын жүргізу құжаттарының үлгілік нысандарын бекіту туралы"" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 28 қазандағы бұйрығы № 27 ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14468 болып тіркелген), " Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тағылымдама қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 20 қаңтардағы № 12 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14819 болып тіркелген) ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14819 |
| 21 | | | Мемлекеттік және ведомстволық наградалар, грамоталар, алғыс хаттар туралы мәліметтер; награданың атауы немесе атауы; наградтау туралы нормативтік актінің күні мен түрі | |
| 22 | | | Біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер: біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау туралы құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні; білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері; білім беру мекемесін бітірген кездегі біліктілігі мен мамандығы | |
| 23 | | | Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалау нәтижелері туралы мәліметтер | |
| | | | Әскери міндетті адамдарды және әскери қызметке шақырылуға жататын адамдарды әскери есепке алу туралы мәліметтер: | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілерді көтермелеуді қолдану | | әскери билеттің сериясы, нөмірі, берілген (тапсырылған) күні; әскери билетті берген органның атауы; әскери-есептік мамандық; әскери атағы; есепке алу/шығару туралы деректер; әскери қызметтен босату негізі | болып тіркелген), "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 болып тіркелген) |
| 25 | | | Отбасы жағдайы туралы мәліметтер: некедегі жағдайы; неке қию туралы куәліктің деректері; некені бұзу туралы куәліктің деректері; тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ерлі-зайыптылар; жұбайының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері; туыстық дәрежесі; отбасының басқа мүшелерінің, асырауындағы адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туған күні; балалардың (оның ішінде асырап алынған, қамқорлықтағы балалардың) болуы және олардың жасы; баланың туу туралы куәлігінің деректері; жақын туыстарының қайтыс болуы туралы куәліктің деректері | |
| | | | Әлеуметтік жеңілдіктер мен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 26 | | | әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтер:<br>жеңілдіктер мен мәртебе беру үшін негіз болып табылатын құжатты берген органның атауы;<br>құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні;<br>мүгедектіктің себебі, мүгедектік тобы;<br>Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамға берілетін жеңілдіктерге құқықты растайтын куәлік;<br>Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен адамға жеңілдіктер алу құқығын растайтын куәлік | | |
| 27 | | | Мүгедектік туралы мәліметтер:<br>мүгедектік санаты;<br>мүгедектік тобының коды;<br>мүгедектік тобы;<br>мүгедектіктің себебі;<br>мүгедектікті белгілеу күні, белгілеу мерзімі | | |
| 28 | | | Медициналық қорытындылардың нәтижелері туралы мәліметтер | | |
| | | | Тәртіптік/әкімшілік жаза қолдану туралы (оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін сыбайлас | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 29 | | | жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін), мемлекеттік лауазымдарды атқаруға тыйым салу туралы мәліметтер | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК